

Тақырыбы: Шартты операторы. Таңдау операторы.

Шартты операторын пысықтауға арналған тапсырмалар:

1. a, b, c кез-келген сандар берілген. Осы сандардың ең үлкен және кіші санын табатын программа құрыңыз.
2. a, b, c бүтін оң сандар берілген. Осындай ұзындықтармен үшбұрыш салуға болмаса «0» деп, қарсы жағдайда егер үшбұрыш тең қабырғалы болса «1» деп, тең бүйірлі болса «2» деп, кез келген үшбұрыш болса «3» деп шығаратын программа құрыңыз.
3. Үш сан берілген $a < b < c$ шартының қанағаттындыратыны туралы хабар шығатын программа жазыңыз.
4. Келесі есепке шарттық операторды қолданып программа құрыңыз.

$$t = \begin{cases} \frac{x^2 + y^2}{ctg(xy)} + Ln(\sqrt{x + y}), & \text{егер } x < 0, y < 0 \\ \frac{(x + y)^2}{ctg(xy)} + tg(\sqrt{x + y}), & \text{егер } x > 0, y > 0 \\ 0, & \text{егер } x = 0, y = 0 \end{cases}$$

5. Келесі есепке шарттық операторды қолданып программа құрыңыз.

$$t = \begin{cases} \frac{x^2 + y^2}{ctg(xy)} + |(\sqrt{x + y})|, & \text{егер } x < 0, y < 0 \\ \frac{45}{ctg(xy)} + tg(\sqrt{x + y}), & \text{егер } x > 0, y > 0 \\ 0, & \text{егер } x = 0, y = 0 \end{cases}$$

Таңдау операторын пысықтауға арналған тапсырмалар:

6. Санақты типте ай аттары және жыл мезгілдері берілген. Енгізілген ай номері арқылы жыл мезгілін экранға шығаратын программа жазыңыз.
7. N бүтін оң сан берілген. Осы санға сәйкес келетін жыл атауын шығару керек. (Мысалы 2003 - қой жылы).
8. Апта күнінің номерін енгізетін және оған сәйкес атауын шығаратын программа құру керек. Сан дұрыс енгізілмеген жағдайда қате деген жауап шығару қажет.
9. Пернетақтадан енгізілетін бүтін оң санына сәйкесінше «год», «года» немесе «лет» сөзін қосып шығаратын программа құрыңыз.
10. 1-ден 10-ға дейінгі сандарды римдік санмен шығаратын программа құру керек.
11. Case операторы арқылы +, *, / , - амалдарын орындайтын программа құрыңыз.
12. Case операторын қолданып егер 0..9- болса, онда мынау сандар, егер A..Z- болса, онда мынау бас әріптер, егер a..z- болса, онда мынау кіші әріптер деген хабар шығатын программа жазыңыз.
13. Төрт қала коды, абоненттің телефонмен сөйлескен уақыты минутпен және сөйлесу құны берілген, сол берілгендер бойынша төлейтін ақшасын анықтайтын программа жазыңыз.
14. Кәсіпкер 10% жылдық процент пен 30% алғашқы төлем ақысына қарай кредит алады, сіз барлық 1-10 жыл аралығына алуын таңдау программасын құрыңыз. (1 жылға алса, 2 жылға алса т.с.с)

15. Кез-келген 5 тауар алу қажет, тауардың бағасы мен салмағына байланысты төлейтін ақшасын анықтайтын программа жазыңыз.